

АДАЕВА ГҮЛНАР АМАНБЕКҚЫЗЫ

**Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы
гендер мәселесі: тарихи-философиялық талдау**

мамандық 09.00.03 – философия тарихы

Философия ғылымдарының кандидаты дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертацияның
авторефераты

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2007

Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Философия және саясаттану институтының қазақ философиясы және
эстетикасы бөлімінде орындалды.

Ғылыми жетекші:

ҚР ҰҒА академигі, философия
ғылымдарының докторы,
профессор Ә.Н.Нысанбаев

Ресми оппоненттер:

философия ғылымдарының
докторы, профессор Қ.Ж.Рахметов

философия ғылымдарының
кандидаты А.Д.Құрманалиева

Жетекші ұйым:

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті

Диссертация 2007 жылы “___” _____ күні сағат _____ Қазақстан
Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Философия және саясаттану
институтының философия ғылымдарының докторы дәрежесін беру
жөніндегі Д.53.36.01 диссертациялық кеңестің мәжілісінде қорғалады.
Мекен-жайы: 050010, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 29, мәжіліс залы.

Диссертациямен ҚР БҒМ Орталық ғылыми кітапханасында танысуға
болады.

Автореферат 2007 жылы “___” _____ таратылды.

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы, философия
ғылымдарының докторы, профессор

Нұрмұратов С.Е.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаты. Жұмыста қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы гендер мәселесіне тарихи-философиялық талдау жасалады. Дәстүрлі дүниетаным мифологиялық, діни, философиялық тарихи типтерге жіктеліп, осы сатыларда орын алған гендерлік түсініктер мен үрдістер эволюциясы зерттеледі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі кезде қоғамдағы әйел мен ердің орны туралы түсініктер мен құндылықтар, осымен байланысты стереотиптер мен әлеуметтік үрдістер ерекше өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі қазіргі дүниеде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін зорлықсыз өмір сүрудің идеалдарын, барлық адамзатқа ортақ құндылықтық негіздері іздеу қажеттігі туып отыр. Осындай жағдайда гендер мәселесін дәстүрлі дүниетаным шеңберінде қарастырудың мәні зор. Өйткені жыныстардың қоғамдық рөлі туралы үрдістер мен стереотиптер ұрпақтан ұрпаққа дәстүр бойынша жалғасып келе жатқан, тамыры тереңге кеткен түсініктер негізінде қалыптасады. Бұл түсініктер қоғам дамуының ұзақ тарихы жүзінде дамып отырады және оның әртүрлі қырлары болады: тарихи, әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, діни. Бұның бәрінің орталық ядросы халықтың дүниетанымы болғандықтан, дәстүрлі дүниетанымның гендерлік қырларын тарихи-философиялық талдау аса маңызды. Бұл қоғамның гендерлік қатынастарға байланысты түсініктерінің эволюциялық жолын және оның негізін түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда қазіргі кезде жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық, мәдени, саяси өзгерістер көптеген қоғамдық мәселелерді қайта қарауды қажет етеді. Солардың ішінде ең өзектісі гендер мәселесі. Қазақстанның нарықтық экономикалық қатынасқа өтуі еңбектің гендерлік бөлінісіндегі қайшылықты шиеленістіріп жіберді. Еңбектің гендерлік бөлінісі дегеніміз қызмет түрлерінің адамдардың жыныстық белгілеріне байланысты бөлінуі. Осындай бөлінудің нәтижесінде «әйелдік және еркектік еңбек нарқы» деген ұғым пайда болды. Нарықтық экономиканың қатаң бәсеке жағдайында «еркектік еңбек нарқы» жоғары немесе бірінші статусқа ие болып отыр. Яғни, жоғары еңбек ақы, қызметте өсу мүмкіндігі, кәсіби деңгейін жетілдіру, өзінің қабілеттерін толығырақ пайдалану, тұлға ретінде өзін жүзеге асыра алу мүмкіндіктеріне ер адамның қолының жету деңгейі әйелмен салыстырғанда әлде қайда жоғары болып отыр.

Осыдан барып, қазіргі әлем бейнесіне әйел факторы белсенді кірісіп, қазіргі өркениет негіздерін қайта қарауды талап етуде. Қазақстанның Еуропа мен Азияның ортасындағы географиялық-саяси жағдайына байланысты осы екі жақтың да ықпалына басқа Орталық Азия елдерінен көрі қаттырақ ұшырайтыны анық. Осындай жағдайда өзіндігінді, өзгешелегінді сақтау үшін де, көптеген мәселелерге, соның ішінде гендер мәселесіне байланысты қазақ халқының дәстүрлі құндылықтар жүйесін, еркек пен әйелдің қоғамдағы орны мен рөлі туралы түсініктер жүйесінің эволюциясын, гендерлік қатынастарға қатысты халықтың тарихи тәжірибесін зерттеу қажет.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы гендер мәселесіне тарихи-философиялық талдау жасау қазіргі қазақ қоғамында, сонымен қатар жер бетінде тұрақтылық пен теңдіктің, зорлықсыз өмір сүрудің идеалдық негіздерін анықтауға септігін тигізері сөзсіз.

Соңғы он бес-жиырма жыл шамасында қазақ халқының тарихын, тілі мен дінін, дінін, дәстүрлі мәдениеті мен дүниетанымын зерттеуде көбіне қазақ зерттеушілерінің күшімен орасан зор еңбек жасалынып отыр. Егемендігін алған елдің өзін тануға ұмтылуы заңдылық, тарихи қажеттілік. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымының гендерлік қырына тарихи-философиялық талдау жасау көптеген тарихи сауалдарға да жауап алуға мүмкіндік береді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Жыныс, жыныстық қатынастар мәселесі философия тарихында бұрыннан орын алып келе жатыр. Жалпы «әйел», «еркек» категориялары философиялық сөздік құрамына кірмейді. Бұл әуел бастан шындықты игерудің әпсаналық деңгейі ретінде мифологиялық дүниетаным үлесі болып саналады.

Дүниенің карама-қарсы екі жыныстық бастауы туралы ойлар ежелгі шығыс ойшылдарының, антик ойшылдары Платонның, Аристотельдің және т.б. еңбектерінде кездеседі. Ортағасырларда жыныстық қатынастар мәселесі діни концепциялар негізінде қарастырылды. Ислам концепциясында отбасылық қатынастар мәселесі қарастырылды. Жыныс теңдігі мәселесі марксизмде көтеріліп, капиталистік эксплуатацияны сынаумен, «әйел мәселесімен» шектелді. ХІХ ғасырда Америка, Еуропа елдерінде индустриалдық капитализмнің өркендеуі философиялық ойда жаңа парадигмалардың пайда болуына әкелді. Әйелдердің еркектермен бірдей құқықтарын талап еткен феминизм идеологиясы пайда болды. «Әйел теңдігі», «қазақ әйелінің» мәселесі ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары шығармашылығындағы өзекті тақырыптардың қатарында болды. Кеңестік кезеңде көбінесе Шығыс әйелінің өткен құрылыстағы ауыр тұрмысы мен қазіргі жақсы жағдайы туралы ғана айтылды.

Өткен ғасырдың 70-шы жылдарында жыныстың әлеуметтік теориясы қалыптасты. «Гендер» сөзі (ағылш. грамматикалық род (тек)) жынысты биологиялықтан өзгеше, мәдени және әлеуметтік құрастырылым ретінде қарастырады. Американдық антрополог М.Мидтің мәдениеттерді салыстыру арқылы зерттеулері, барлық қоғам үшін бірдей әйел мен еркектің әлеуметтік рөлдері мен биологиялық жынысының арасында қатаң байланыс болмағанын көрсетті. «Гендер» ұғымы жыныстардың әлеуметтік ерекшелігі олардың биологиялық ерекшеліктерімен анықталмайтынын, оның әлеуметтік құрастырылым екендігін, сондықтан «әйел», «еркек» екі биологиялық жыныс және «әйел», «еркек» екі әлеуметтік құрастырылым бар екендігін білдіреді.

Жыныстың әлеуметтік теориясының дамуына М.Мид, Дж.Бернард, Б.Фридан, С.де Бовуар, К.Миллет және т.б. батыс ойшылдары үлкен үлес қосты.

Көптеген зертеушілер «әйелдік», «феминистік» және «гендерлік зерттеулерді» синоним ретінде қолданады. Біреулер «гендерлік зерттеулерді» әйелдердің мүддесі үшін әйелдердің әйелдерді зерттеуі деп түсінеді. Кейде

гендерлік зерттеулер әйелдер мен еркектердің әлеуметтік өміріндегі ұқсастық пен айырмашылықты қарастыру деп түсініледі. Бұған әйел мен еркектің қоғамдық және жеке әлеуметтік, саяси, мәдени өміріне қатысты антропологиялық, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық зерттеулер кіреді.

Феминистік зерттеулердің кең өріс алған кезі XX ғасырдың 70-шы жылдарына келеді. Ал гендерлік зерттеулердің өрістеген кезі осы ғасырдың 80-90-шы жылдары болып табылады. Осы арада «гендер», «гендерлік зерттеулердің» мағынасы туралы Ә.Н. Нысанбаевтың пікірін тыңдасак: «Соңғы он шақты жылда «гендер» терминін ғалымдар да, практиктер де кең қолданып жүр. Бірақ, солай бола тұрса да, осы терминнің дұрыс түсінілуі ылғи кездесе бермейді. Біреулер оны «биологиялық жыныс» сөзінің синонимі деп түсінеді. Біреулер «гендер» терминін әлеуметтік өмірдің тек қана әйелдерге қатысты әр түрлі қырлары мен қатынастарымен сәйкестендіреді.

Бірақ гендердің осы түсініктемелерінің ешқайсысы дұрыс емес, себебі екеуінде де ең басты екі элемент – еркек пен қоғам түсіп қалған. Біз түсінеміз бе, жоқ па, бірақ гендер біздің қоғамдарымыздың ең басты іргетастық ұйымдас-тырушылық принциптерінің бірі болып табылады. Сондықтан, гендердің дұрыс түсінілуі біздің өзімізді еркектер мен әйелдерді жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Биологиялық табиғатына сәйкес адам жыныстық қатынаста тек еркек немесе әйел болады. Әр жыныс ұрпақ келтіруде тек өзіне табиғаттан берілген функциясын орындайды. Жыныс адамның туа болған, адам өмірінде өзгер-мейтін сипаты болып табылады. Ал енді белгілі бір қоғамда еркек немесе әйел болу деген не екенін қарастырсақ, біз гендерлік зерттеулер саласына түсеміз» [1,19].

Бұрынғы кеңестік елдерде немесе ТМД елдерінің ішінде гендерлік зерттеулер 1990 жылдардың басында негізінен Ресей, Украина, Беларуссия елдерінде дами бастады. Бұл осы елдерде аталған уақытта гендерлік орталық-тардың құрылуымен жаңа бағыттың институционализациялануының басталуымен байланысты болды.

Дүние жүзінде гендерлік зерттеулер ғылымның идеологияның және саясаттың шекарасында өмір сүріп отыр. Гендерлік талдаулар философияда, әлеуметтануда, экономикада, тарихта, әдебиеттануда, лингвистикада, саясат-тануда, этнологияда, психологияда қолданылады. Ресейде гендерлік зерттеу-лерді дамытушылар: экономика және әлеуметтік саясатта – Н.Римашевская, Л.Ржаницина, М.Баскакова, Е.Мезенцева, Т.Мельникова, М.Малышева, А.Посадская, З.Хоткина, әлеуметтік демография мен отбасы әлеуметтануы бойынша – М.Арутюнян, В.Бодрова, Т.Рурко, А.Клецин, Г.Клемантова, Е.Смирнова – Ярская, А. Синельников, И.Тартаковская, әлеуметтік филосо-фиядан – О. Воронина, Т. Клименкова, саясаттану мен феминистік талдау – С. Айвазова, Н.Шведова, Е.Здравомыслова, Л.Топкова, А.Темкина, С.Ушакин және т.б.

Қазақстанда гендерлік зерттеулер ең жас сала болып табылады. Бізде бұл дәстүр бұрын да болған. Бұған дейін атап кеткеніміздей «әйел мәселесі» XX ғасырдың басында қазақ интеллигенциясының шығармашылығында өзекті

мәселе болғаны белгілі. Кеңес заманында біншама гендерлік зерттеулер болды. Бұл зерттеулердің Қазақстанда өрістей бастаған, «гендер» терминінің кеңірек қолданыла бастаған кезі өткен ғасырдың 90-шы жылдарының екінші жартысы. Қазақстанда гендерлік орталықтың құрылуы, 2001 жылдың басында Қазақ қыздар педагогикалық институты жанынан әлеуметтік және гендерлік мәселелер бойынша ғылыми-зерттеу институтының ашылуы бұл зерттеулердің жандануына кең жол ашты.

Қазақстанда да гендерлік зерттеулердің өрістеуіне, жоғарыда осы зерттеу мен «гендер» терминінің түсінігі туралы пікірін келтіріп кеткен Ә.Н. Нысанбаев, А.А. Хамидов сияқты көрнекті, ер азамат ғалымдарымыз үн қосып отырғанымен, барлық дүние жүзіндегі сияқты аталған зерттеулермен айналысатындар негізінен әйел зерттеушілер. Атап айтсақ: С.М.Шакирова, Г.Г.Соловьева, Н.У.Шеденова, Е.Найзағараева, Р.Б.Сарсембаева, Ә.М. Нысанбаева, Н.Ж.Шаханова, С.С.Үсенбекова, Г.Хасанова, Л.М.Юнусова, А.А.Амирова, Х.Б.Берденова, Е.Полькина, Л.У.Тастемирова, И.Р.Хамитова, Ж.Т.Баймағанбетова, Н.Д.Нуртазина, Д.А.Жакупбекова, И.М.Куленова, К.Монкебаева және т.б.

Бұл зерттеулерде көбінесе әлеуметтанулық, саясаттанулық, мәдениеттанулық, педагогика мен психологиялық мәселелердің гендерлік қырлары қарастырылады. Көп жағдайда гендерлік мәселелер негізінен дәстүрлі «әйел мәселесі» шеңберінде қарастырылады да, ер адам мәселесі назардан тыс қалып қояды.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымының гендерлік қырын қарастырған жүйелі зерттеулер, кейбір жекелеген мақалалар болмаса, өте аз. Осы бағыттағы қомақты еңбек ретінде С.Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы» деп аталатын еңбегін атауға болады. Осы еңбегінің үшінші кітабын[2] автор арғықазақ мифологиясындағы әйел бейнесін қарастыруға арнапты. Басқа кітаптарында да мәтіндер мен жеке сөздердің мифтік астарын қарастырғанда жыныстық сипатына, уақыт, сан сияқты дүниетанымдық әмбебептардың ежелгі қазақ түсінігіндегі жыныстық белгілеріне назар аударып отырады.

Бұдан басқа Орхон-Енисей жазбаларының әйелге қатысты тұсына тоқталып өткен бірен-саран мақалалар бар. Ахмет Байтұрсыновтан бастап («Қобыланды жырындағы әйел бейнесі»), біраз зерттеулер эпостағы, ақын-жыраулар шығармашылығындағы әйел бейнесін қарастырған.

Көп зерттеулер қазақ ағартушылығының екінші кезеңінің өкілдерінің шығармашылығын зерттеу негізінде осы кезеңнің өзекті мәселелерінің бірі болған «әйел мәселесіне» арналған.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымының барлық сатыларын, яғни мифологиялық, діни, философиялық тарихи типтерінің гендерлік қырларын, олардың сабақтастығын толығымен қамтып, философиялық талдау жасаған зерттеу болмағандықтан, осы жұмыстың мақсаты мен міндеті айқындалып отыр.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.

Мақсаты – қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын ерте заманнан, б.з.д. 6-4 мыңжылдықтардан бастап, XIX ғасырдың аяғына дейін өрбіп дамыған

біртұтас тарихи процесс ретінде зерттеп, оның гендерлік қырларына философиялық талдау жасау.

Міндеттері. Дүниетанымның тарихи типтері ретінде мифологиялық, діни, философиялық сатылау реттігін сақтай отырып:

- қазақ мифологиясының гендерлік сипаттарын ашып көрсету;
- ежелгі діндердің гендерлік негіздерін айқындау;
- исламның қазақ халқының дүниетанымына және қазақ қоғамындағы гендерлік қатынастарға ықпалына талдау жасау;
- сопылық философияның, оның ішінде түрік сопылығының ерекшелігі мен гендерлік қырларын зерттеу;
- ақын-жыраулар философиясының қазақ дәстүрлі философиясының қалыптасуындағы ролі мен ондағы гендер мәселесін талдау;
- қазақ классик ағартушыларының шығармашылығындағы гендер мәселесін қарастыру;
- қазіргі қоғамда жауап күтіп тұрған гендер мәселелерін шешуде дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан гендерлік қатынастар үрдісінің ролін айқындау.

Зерттеу нысаны. Қазақ дәстүрлі дүниетанымындағы гендер мәселесін тарихи-философиялық тұрғыдан зерттеу.

Зерттеу пәні. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымының тарихи типтерінде қалыптасқан гендерлік түсініктерге тарихи-философиялық талдау жасау.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері. Зерттеудің теориялық базасы қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы бойынша негізінен қазақ зерттеушілерінің, сонымен қатар шетелдік зерттеушілердің еңбектері, гендер тақырыбына арналған қазақстандық, ресейлік, алыс шетелдік зерттеушілер еңбектері болып табылады.

Әдістемелік негізі қазақ дәстүрлі дүниетанымындағы гендер мәселесін тарихи-философиялық әдіс арқылы талдау. Сонымен қатар тарихилық пен логикалық, салыстырмалы талдау, феминистік әдістеме, лингвистикалық талдау қолданылған.

Диссертациялық зерттеудің жаңалығы. Жұмыс қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын өте ерте дәуірден бастап ХІХ ғасырдың аяғына дейін тұтастай қамтып, оның гендерлік қырын тарихи-философиялық алғашқы еңбек болып табылады. Осы зерттеу негізінде:

- ежелгі түркілердің дүниетанымындағы гендерлік түсініктер мен ұғымдарға логикалық, лингвистикалық, салыстырмалы талдаулар жасау арқылы көне түркілердің ежелгі отырықшы халықтардың дүниетанымына нақты ықпалы ашылып көрсетілді;
- ежелгі түркілердің мифологиясы мен дүниетанымында орын алған дүниенің қос жыныстық бастамасының қатынасы туралы түсініктердің философия тарихында қалыптасқан жүйелеуге сәйкестік деңгейі анықталды;
- түркі халқының дүниетанымынан орын алған әр түрлі діндер мен сенімдердің дәстүрлі қоғамдағы гендерлік қатынастарға ықпалы айқындалды;

- қазақ дәстүрлі дүниетанымында орын алған гендерлік түсініктер мен ұғымдардың эволюциясы жіктеуден өткізілді;
- қазақ дәстүрлі философиясында гендерлік түсініктер мен ұғымдар антропологиялық мағына алғаны айқындалып, аксиологиялық тұрғыдан зерделенді;
- Ежелгі түркілер мен дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан гендерлік үрдістердің сабақтастығы айқындалып, қазіргі гендер мәселелерімен салыстырылды.

Қорғауға ұсынылатын ғылыми тұжырымдар:

- Ежелгі отырықшы халықтардың біразының дүниетанымында орын алған түсініктер мен ұғымдар, атап айтқанда жыланға негативті көзқарас, қос жынысты Митра табиғаты, Варуна, Уран есімдері мен «ура» сөзінің шығу тегі, қасқыр тотемі, әйел бақсы бейнесі, ежелгі түркілердің Ұлы Ана культінің ықпалымен қалыптасқан деген тұжырым жасалды.
- Ежелгі түркілердің дүниетанымында қалыптасқан дүниенің қос жыныстық бастамасының қатынасы өзара толықтырушы, өзара тартыстық, өзара иерархиялық бағынушылық түрінде жүйелеудің ешқайсына толық сәйкеспейді. Тәңір жыныстық бейнесі айқындалмаған енжар абсолют түрінде де, дүниенің өте белсенді қозғалмалы, шығармашылық бастамасы әйел болып табылады. Әлемнің вертикаль моделіндегі үш дүние де Ұлы Ана құзырында, дүниетанымдық әмбебаптар, арғы тек атаулары әйел сипатты.
- Көк түріктер заманында түркілердің патриархаттыққа өтуіне байланысты, Тәңірдің семантикалық өрісі кеңейіп, әрі универсум, әрі абсолют, әрі Ата құдай ретінде белсенділігі артып, дүниенің қос жыныстық бастамасы арасында өзара толықтырушылық қатынас орнады. Түркі тілінде арғы тек, ұлы туыстықты білдіретін әйелдік атаулар біртіндеп IX – XI ғасырларда еркектік атауларға ауысты. Басында тек әйелдік сипатқа ие кеңістік, уақыт, сан сияқты дүниетанымдық әмбебаптар қос жыныстық сипат алды.
- Дүниетанымында орын алған діндердегі гендерлік асимметрияға қарамастан, қазақ халқы төл сенімдері тәңірілік пен түрік сопылығы синтезі шеңберінде жыныстардың әлеуметтік қатынастарындағы үйлесімділікті сақтап қалды.
- Қазақ дәстүрлі философиясында қалыптасып, дамыған гендерлік түсініктердің мәндік-мағыналық құрылымдары пайымдалды, олардың құндылықтық негіздері көрсетілді. Қазақ дүниетанымы этикалық бастауларға бағдар жасап келгендігі белгілі. Әлеуметтік жыныстық қатынастарда әр түрлі дүниеге көзқарастық бағалаулар осы метафизикалық іргетасқа арқа сүйейді.
- Қазақ дәстүрлі дүниетанымында жыныстардың өзара үйлесімділігі мен қамқорлығына бағытталған гуманистік негіздер басымдық танытты. Қазіргі кезде қоғамның нарықтық экономикаға өтуіне, екі түрлі жыныстық еңбек рыногының қалыптасуына байланысты гендерлік

қатынас біршама бәсеке, тартыстық сипат ала бастады. Осыған орай жаһандану заманында қазақтың дәстүрлі дүниетанымында қордаланған жыныстардың әлеуметтік қатынастарының философиялық өрнектелуінің маңызы арта түсуде.

Жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңызы. Зерттеулердің нәтижелері мен диссертациялық жұмыстың материалдарын Қазақстандағы гендер мәселелерін талдап, жүйелеуде; гендерлік зерттеу жұмыстарында; қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен дүниетанымын талдап, жүйелеуде; Қазақстандағы гендерлік саясатты жүзеге асыруда; еліміздің жоғары оқу орындарында гендер мәселелері бойынша оқу бағдарламаларын жасағанда пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және мақұлдануы. Диссертациялық жұмыс ізденушінің бірнеше жыл бойы жүргізген ғылыми ізденісінің жемісі. Зерттеудің басты ғылыми тұжырымдары әр түрлі ғылыми басылымдарда, халықаралық деңгейдегі ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда талқыланды.

Диссертация ҚР БҒМ Философия және саясаттану институтының қазақ философиясы және эстетикасы бөлімі мәжілісінде 2006 жылдың 15 қарашасында (хаттама №11) талқылаудан өтіп, қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың жарияланымы. Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша оның жалпы мазмұнын қарастыру қамтылған халықаралық ғылыми конференцияларда және республикалық ғылыми басылымдар жинақтарында 7 мақала жарық көрді.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, алты бөлімшеден, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиет тізімінен тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 128 бет.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Зерттеу бағытының негіздемелері қазақ дәстүрлі дүниетанымының тарихи типтері: мифология, дін, дәстүрлі философия сатыларында орын алған гендерлік түсініктердің даму үрдісі мен өзара сабақтастығын талдауға арналған. Осыған орай **«Ежелгі қазақ дүниетанымының гендерлік негіздері»** деп аталған тараудың **«Арғықазақ мифологиясындағы гендерлік сипаттар»** деп аталатын бөлімінде дәстүрлі дүниетанымды зерттеуде мифтің орнының ерекшелігі айқындалды. Дәстүрлі қоғам салт-дәстүрге, ата-баба мұраларына негізделгенімен ерешеленетіндіктен мифтің өзінде дүниенің қалыпты жағдайы бір кездегі ілкі қаһармандардың, ата-бабалардың жасап кеткен жолы мен дәстүрі деп түсінілетіндігінде. Ежелгі қазақтың мифологиясының гендерлік қырлары, мифті ежелгі қоғамның дүниетанымын бейнелейтін өте құнды құрал, сол заманның шындығы түрінде мойындай отырып зерттелді. Мифологиялық көзқарастың басты сипаты антропоморфизм болып табыла-тындықтан, мифтік ойлау жүйесінде ұғымдар анық жетілмегендіктен, заттар мен құбылыстардың сыртқы көріністерінен туындайтын сезімдік образдармен жасалынады. Сондықтан

дүниені әйел және ер жынысты түрінде бейнелеу мифологияның үлесі болып табылады. Қазақ ертегі, аңыз, жырларындағы, шежірелеріндегі әйел бейнесінің қалыптасуын басқа халықтар мифологиясымен салыстыра отырып қарастырсақ, мифтік кезеңде әйелдің құрметті орында болғанын байқаймыз. Ол «Ұлы Ана», «Ұлы Құдай Ана», «Құдайлар анасы», тайпа, ру анасы культтерінен көрінеді. Құдай Ананың негізгі қызметі – жасампаздық, оның бірнеше қыры бар. Біріншіден бүкіл ғаламды жасаушы, екіншіден кейінірек, жаратушы Ата – Құдайдың қосағы ретінде дүниені тудырушы. Бұл жағынан ол көбіне Жермен сәйкестендіріледі. Құдай – Ананың тағы бір маңызды функциясы оның мәдениетке, өнерге, құпия білімге қамқорлық жасауы. Бұған мысал, Афина – гректерде, Ұмай – түріктерде және т.б. Сонымен қатар, әйел-құдайлар табиғаттың басқа бір қырымен байла-нысты: тағылық, қиратушылық, жер асты әлемі, зұлымдық сияқты функцияға да ие. Бұл индус, қытай, вавилон, рим, египет мифологияларына сүйене отырып дәйектелді.

Ұлы Ана фольклорлық материалда тек адам кейпінде емес, жануар не құбыжық кейпінде көріне алады. Қазақ материалдарында ол жылан, айдаһар, құс (алып қара құс, самұқ, аққу, дегелек, бүркіт, т.б.), жануар (бұғы, киік, марал, сиыр, бие, т.б.), жыртқыш (аю, қасқыр, ит, т.б.) бейнелі. Осылардың ішінде жалпы түрік дәстүрінде жылан тотемінің болғанын дәлелдеу, айғақтар келтіру арқылы түркі халқының ежелгі халықтардың қатарына кіретіні, түркі мәдениетінің тек туынды табиғаты туралы евроорталықтық көзқарастарға қалай тойтарыс беруге болатыны дәйектелді. Осы жылан, айдаһар мифтік тұрпатына қатысты С.Қондыбайдың көзқарасына талдау жасалып, толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда «Ұран» сөзіне лингвистикалық талдау жасау арқылы бұл «ұрық» және «ана» праформаларының бірігуі екендігі, екпінмен айтылғанда «ұран» болып өзгерген, кейінгі қазақтардың қиын-қыстау шақтарда ұран шақыруы б.з.д. 4-3 мың жылдықтарда өмір сүрген дей – түркілер дәстүрінің кейінгі ұрпақтың көмескі санасында қалған көрінісі екендігі тұжырымдалды. Айдаһардың (жыланның) суреті салынған ала шұбар ту ұстап, «Ұран» салып, ежелгі отырықшы халықтарға шабуыл жасаған ежелгі түркілердің шапқыншылығына қарсылық түрінде осы халықтардың дүниеге көзқарасында жыланға негативті көзқарас, соғыс, шабуыл, тылсымдық құдайлары Варуна, Уран шықты. «Ура (hurra)» сөзінің де шығу тегін осымен түсіндіруге болады.

Қазақ мифологиясындағы бай жанрлардың бірі – генеалогиялық мифтер. Қазақ шежірелерінің бастауында көне түркілердің өздерінің қасқыр анадан пайда болғаны туралы аңыздары тұр. Ғылым оларды мейлінше архаилық тотемдік мифке жатқызады. Осыған ұқсас мифтердің басқа халықтарда да бар екені белгілі. Мысалы, неміс халқы да өздерін Дитрих-қасқырдан таратады. Бірақ, біз, неміс ғалымы, мифология зерттеушісі И.Г.Гердер де, герман тайпалары өте ерте заманда Кіндік Азиядан қоныс аударып, өздері шыққан ортаның аңызын ала келген деген пікірді ұстанамыз.

Осы бөлімде Ұлы Ананың құпия білімге, өнерге, астам тектілікке қамқорлық көрсету функциясын көрсету мақсатымен С.Қондыбайдың «өлтірілген тәңіріе» туралы дәйектеріне сүйене отырып, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баянында»[3] келтірілген «Көкпар (көк бөрі тарту)» ойынының шығу тарихына талдау жасалды. Бұл мифтік дүниетаным кейінірек қоғамдық санадан ығыстырылғанымен, халықтың архетиптік санасында сақталып қалатынын көрсетеді.

Осы қарастырып отырған бөлімде қазақ мифологиясындағы кеңістік, уақыт, сан сияқты дүниетанымдық әмбебаптардың жыныстық сипаты зерттелді. Уақыт басында жалмауыз кемпір бейнесінде әйел жынысты, кейін түркілердің париархаттыққы өтуіне байланысты Қорқыт тұлғалы (Қорқыттың төрт бағыттық сапары – тұтас уақыттық айналым) ер жыныстыға айналған деген қорытынды жасалды. Кеңістіктің де әйел-еркек екі жағы бар екені, ғарыш үлгісі киіз үйдің кеңістігінің де, ішіндегі жасау-жабдықтарының да екі жынысқа жіктелетінінен көрінеді. Киіз үйдің оң жағы, яғни дұрыс жағы – ер жағы, сол жағы әйел жағы болып саналады. Ал қазақ жерінде қала мәдениеті дамыған орта ғасырларда кеңістік «қала», «дала» болып жіктелгенде «қала» жағы қыз бейнесімен сәйкестендіріле бастады. Бұл Ұлы Ананың мәдениетке қамқорлық функциясының қазақ жадында қалған көрінісі. Мифтік кезеңде аса маңызды болып саналған сандардың, атап айтқанда кемелдікті, түгелдікті білдіретін тоғыз санының, таңдаулылар қатарына алыну, сынақтан өтуді білді-ретін инициация символы қырық санының әйел бейнелі екеніне С.Қондыбайдың, Шәкәрімнің пікірлері келтіріліп, толықтырулар енгізілді. Бұның негізі Ұлы Ананың өмір беруші, жасампаздық, инициациядан өткізуші (таңдаулылар қатарына алушы) функцияларымен байланысты деп тұжырымдалды.

Сонымен қатар, ең ескі аңыздардың қатарына жататын «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырына талдау жасалынып, жан кешті адал әйел-жар тақырыбының қазақ дүниетанымында ежелден келе жатқан дәстүр екені айқындалды. Анасының шыққан тегіне айырықша мән беру де түркілердің сонау арғы тек ретінде аналарын санаған ежелгі дәуірден қалған түсініктердің үзілмей келе жатқаны «Қорқыт ата» жырындағы «Төбекөзді өлтірген Бисат туралы жыр», «Алпамыстағы» Алпамыс пен Ұлтан құл хикаялары арқылы көрсетілді.

Бірінші тараудың «Ежелгі түркілердің діни сенімдерінің гендерлік қырлары» деп аталатын бөлімінде дін мен мифтің арақатынасы туралы көзқарастарға тоқтала келіп, жалпы адамзат тарихындағы түрлі астам текті күштердің, құдайлардың жыныстық жағының эволюциясы сипатталды.

Ежелгі түркілердің төл сенімі тәңірліктің ең ежелгі дін екені Тәңірді Зевспен салыстыру арқылы, Тәңірінің аморфтылығына сүйене отырып негіз-делді. Тәңірліктегі үш дүниенің (жоғарғы, орта, жер асты) толайымен әйел жынысты екендігі ашылып көрсетілді. Жер-ана, су-ана, от-ана, ағаш-ана түсініктерімен байланыстыра отырып, орта дүниенің Ұлы Ана құдай құзырында екені айқындалды. Жоғарғы дүниедегі Күн мен Ай

тәңірлерінің жыныстық сипаты талданды. Ш.Уәлихановтың «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбегіндегі[4] қазақтардың Күнге қарағанда Айды қасиеттірек санайтыны, оған ерекше құрметпен қарайтыны туралы айтқандарына, С.Қондыбайдың Пазырық үйегінен табылған шашын тықырлатып алғызған әйел мүрдесіне сілтеме жасап, тохарлардағы (тоқыр бас) Ай және Күн әулеттерінің түбі дей-түркілік деген топшылауларына сүйене отырып, Айға ерекше құрмет Ұлы Ананың абыздық, яғни құпия білімге, емшілікке қамқорлық жасау функциясымен байланысты деген тұжырым жасалды. Ш.Уәлиханов айтқандай, қазақтардың айда кемпір бар деп сескенуі, айдың бетіндегі дақтарды кемпірге ұқсату емес, халықтың архетиптік жадында қалған абыз әйелдің ай тектес (тақыр бас) мифтік кейпі туралы түсініктер. Осы арада С.Қондыбайдың Күн мен Айды «бәйбіше-тоқал» бинарлық жұбымен теңестіріп, Күнді жаз, күндіз, яғни жақсы уақыт, Айды қыс, түн, яғни жаман уақыт деген пайымдауымен де, және батыстық зерттеушілердің түркілерде Ай – жігіт, Күн – қыз бейнелі деген тұжырымдарымен де келіспейтініміз жоғарыда айтылған пайымдауларымызға, қазақтың мифтік әңгімелеріне сілтеме жасай отырып көрсетілді. Ш.Уәлихановтың келтірген қазақтардың аспанда тұратын, белбеуді тамағынан буынатын адамдардың арасындағы өте бай кемпір туралы түсінігі ғалым айтқандай қазақтар фантазиясының жемісінен көрі бір кезде аспанның да Ұлы Құдай ананың құзырында болған туралы мифтік түсінігінің көмескі санадағы іздеріне көбірек жақындайды.

Қорқыт аңыздарының түп-төркіні Гильгамешпен сабақтас екеніне сүйе-не отырып, Гильгамеш жер астына түсіп, сый-сияпат тартқан жер асты әйел патшасы Ерешкигал, біртіндеп патриархат дәуірінде Ерлікке айналған деген пайым жасалынды. Ерешкигал есіміне жасалған лингвистикалық талдауға және Ерліктің ұлдары мен қыздарының мифологиялық бейнелеріне негіздей отырып, жер асты билеушісі Ерлік ерте дәуірде әйел болған, бұл әйелдің жер асты, қараңғылық қаратушылық функцияларымен байланысты деген қорытынды жасалынды.

Ежелгі қазақ дүниетанымынан орын алған бақташылар діні – митраизмдегі қосжынысты тіршілік иесі Митра бейнесіне талдау жасай келе, М.Орынбековтың[5] Митра культі алдымен үнді мифологиясы Ведада пайда болды, сонан соң бұл бақташылық философиясы Персияға, Орталық Азияға тарады деген пікіріне қарсы, Кіндік Азиядан Ілкі Анаға табылған көшпе-лілердің ұлы көшкіні басталып, олар отырықшы мемлекеттерді жаулап ала бастады, отырықшы саудагерлермен қарым-қатынасқа түсіп, алдау, ант бұзушылықты солармен байланыстыра бастады, жауынгерлік белсенділік күшейді, осыдан барып, Тәңір өзіне әйелдік те, еркектік те бастаманы біріктірген қос жынысты тәңірге айналды; әрі кең жайылым иесі, әрі ант бұзушылықтан, алдаудан қорғаушы, әрі әскердің қамқоршысы Митра Ведадан көшпелілер мифологиясына емес, керісінше, көшпелілер дүниетанымынан Ведаға ауысқан деген пайымды ұсынамыз.

Ежелгі қазақтың дүниетанымынан орын алған зороастризм, оның бір бұтағы маздакизм, манихейлік, несториандық христиандық сияқты діндердегі әйелге анық төмен көзқарастың болғанына қарамастан, тәңірліктің бір қыры ретінде қабылданып, дәстүрлі қоғамдағы гендерлік үйлесімдікке айтарлықтай нұқсан келтірмеген.

Тәңірдің әке – Құдай ретінде белсенділігінің күшейген кезі көк түріктер заманы. Байырғы түркі жазба ескерткіштерінің мәтіндерінде құдайлар триадасында Тәңірдің ең басты және әке-құдай екені күмән келтірмейді. Жер – Су мен Ұмай «бәйбіше-тоқал» бинарлық жұбымен сәйкесіп, түрік қоғамының ерекшелігін танытады.

Осы бөлімде бақсылықтың қазақ дүниетанымында алатын орны мен оның шамандықпен қатынасы мәселесі қарастырылды. Шаман діні деп айдар тағылып жүрген бақсылықтың жеке дін емес, тәңірлік дінінің бір қыры, тамыры тереңге кеткен ежелгі түркілердің сенімі, емшілік өнері екені дәйектелді. Және бұл өнердің басында әйел бақсының тұрғаны кемпір сөзінің шығу төркініне жасалған талдауға, яғни кемпір сөзі қам және пір сөздерінің қосындысы екеніне сілтеу жасалды. Осы арқылы «үшерлеп жерлеу» дәстүрі бұған дейін түсіндіріліп жүргендей еркек абыз әйелімен немесе көмекші әйелімен, күңімен емес, керісінше, бас абыз-әйел ерімен және қызметшісімен бірге жерленген деп түсіндірілді. Қазақ ертегілеріндегі «өлтірілген тәңіріе», «жіліктелген кемпір», «жұтып қайта құсатын кемпірлер» қайта талданып, бұл қатарға алыну инициациясының өту үрдісінің өңі айналдырылған түрі, кемпір-әйел бақсы, құпия білімді, емшілік өнерді, сазгерлік, күйшілік және т.б. кез келген қасиетті сыйға тартушы екеніне назар аударылды.

Осылардың бәрін қорыта келіп, өте ерте дәуірде ежелгі түркілер дүниетанымындағы Тәңір мен аспан түсінігінің арасын жіктеу қажеттігі тұжырымдалды. Тәңір бет-бейнесіз, жыныссыз бір енжар абсолют түрінде де, аспан, Ай, Күн яғни жоғары дүние, орта дүние және жер асты, яғни төменгі дүние де Ұлы Ана құдай құзырында болған; жасампаз да, қиратушы да, қамқоршы да, құпия білім иесі де, өнер сыйлаушы да, таңдаулылар қатарына алушы да әйел, яғни дүниенің өте белсенді, қозғалмалы, шығармашылық бастауы әйел болған. Бұдан байырғы түркілердің түсініктерінің ежелгі діндердегі қос жыныстық бастаманың арақатынасын өзара толықтырушы, өзара иерархиялық бағынушы, өзара тартыс күйінде деп жүйелеудің еш түріне толық сәйкеспейтіндігі байқалады.

Тәңір одан кейін Кіндік Азиядан көшпелілердің ұлы көшкіні басталған дәуірде өзіне қос жыныстық бастаманы біріктірген тіршілік иесі түріне ауысқан. Көк түріктер дәуірінде түркілердің патриархаттық қоғамға өтуіне байланысты Тәңір Көк Тәңірі, яғни аспан түсінігімен теңесіп, әке – Құдай ретінде жыныстық белгісі айқындалып, белсенді бастамаға айналды. Бұл кезде дүниенің қос жыныстық бастамасының арасында өзара толықтырушылық қатынас орнады.

«Қазақ діни-философиялық көзқарасының гендерлік жағы» деп аталатын екінші тараудың **«Исламның қазақ қоғамындағы гендерлік қатынастарға ықпалы»** деп аталатын бөлімінде исламның қазақ халқының дүниетанымында алатын орны мен қазақ дәстүрлі қоғамындағы гендерлік түсініктер мен үрдістерге ықпалы зерттелді. Бұл зерттеу ислам тарих сахнасына шыққан VI – VII ғасырлардағы араб қоғамы мен түркі қоғамының салт-дәстүр, құндылықтар жүйесін салыстыра талдаудан басталды. Осы талдау нәтижесінде бұл дінді уағыздаудағы Мұхаммед пайғамбардың басты мақсаты араб қоғамын өркениеттендіру, араб халқының әлеуметтік жағдайын жақсарту болғанға көбірек ұқсайтыны туралы пайым шариғаттағы өсім алуға тиым салу, шарап туралы айтылған тұстарына, Меккеге қажылық, Қәғба тасына табынушылықты (пұтқа табынушылық) мұсылмандықтың бес парызының ішіне кіргізгені сияқты қағидаларына сүйене отырып жасалды. Және ислам дініндегі әйелге қамқорлық, оған берілген біршама құқықтар, неке, отбасы, екі жыныстың ара қатынасын реттейтін нормалар адамгершілік, рухани деңгейі жағынан сол дәуірдегі түркілерден әлде қайда төмен тұрған араб қоғамы үшін ғана прогрессивті роль атқарды деген қорытынды жасалды.

Осы бөлімде ислам туралы кеңестік философия мектебі қалыптастырған бұл «еркектер» дінінің мәдениетке кері әсері, осы дінді қабылдаған елдердегі әйелдің қорлық жағдайы туралы концепция мен қазіргі қазақстандық зерттеушілердің кейбірі ұсынып отырған исламның қазақ дәстүрлі мәдениетінің қалыптасуындағы тек қана оң ықпалы, исламға дейінгі бейсауат, дінсіз халықтың осы мәдениет арқасында өркениеттенгені (М.Бұлұтай), көшпелі қоғамдағы қаналушы тап - қазақ әйелінің исламмен байланысты эмансипациясы (Н.Нұртазина) туралы концепцияларға қатысты автордың көзқарасы дәйектелді. Жоғарыда аталған көзқарастардың бәріне біршама біржақтылық тән екендігі айқындалды.

Құранда еркектің әйелден артық жаратылғандықтан оған билік жүргізетіндігі анық айтылғанымен[6], әрі саясат, әрі құқық болып табылатын бұл дінде әйелді құрметтеуге шақырған тұстарын, әйелге қамқорлық мақсатымен берілген құқықтарын, ер адамның әке, бала, жар ретінде әйел алдындағы міндеттерін айқындаған тұстарын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ бұл неке, отбасы, ұрпақ мәселелері жөнінде де, қоғамдағы әйел мен ердің орны мен ролі тұрғысынан да арабтармен салыстырғанда әлде қайда озық көзқарас ұстанған түркі қоғамы үшін жоғары ықпал етті деп санауға болмайды. Қазақтар ортодоксал исламды қабылдаған жоқ. Көбіне исламға дейінгі діндермен болғандай, бұл діннен де тәңірліктің негізгі тұғырларына қайшы келмейтін тұстары ғана қабылданды.

Қазақ әйелінің исламмен байланысты эмансипациясының болмағаны түркілердің исламға дейінгі аңыз-әңгімелеріне, эпостық жырларына, археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелеріне, сәулет, бейнелеу ескерткіштеріне талдау жасалып, оны кейінгі қыпшақ, ресми қазақ замандарындағы мәдениет көріністерімен салыстыру арқылы дәйектелді.

Керісінше, XIII ғасырдан бастап, қазақ қоғамында әйел статусының сәл болса да төмендегені байқалады. Қоғамдағы кез келген бетбұрыс кезең жаңа құндылықтардың қалыптасуымен сипатталады. Қазақ қоғамындағы біршама гендерлік асимметрияға әкелген, Шыңғысханның «Жасағы» мен Тәуке ханның «Жеті Жарғысындағы» отбасы мен қоғамдағы ер мен әйел статусының арақатынасын айқындаған баптары болып табылады. «Жасақ» бұрынғы түркі қоғамының құқықтық жүйесіне негізделіп жасалғанымен, шаруашылық типі негізінен аңшылық-терімшілік деңгейдегі монғол халқының салт-дәстүрін бейнелейтінін осы заңның 53-ші бабында әйелдің үй шаруашылығындағы міндеттерін айта келіп, «Ер адамдарға тек соғысумен және аң аулаумен айналысуға ғана рұқсат етіледі»[7] дегенінен көруге болады. Осы арада көшпелілер деп жылжып жүретін халықтар арасына өндіріс тәсілі жағынан ажырату жасамай, уақыт, кеңістік бойынша ешқандай шекара қоймай, олардың мәдениеті мен дүниетанымын жалпылай тұжырымдар жасаудың ақылға сыйымсыз екені А.М.Хазановтың «номад» сөзіне жасаған талдауына[8] сілтеме жасай отырып тұжырымдалды.

«Жеті Жарғыдағы» еркектің толық құны мен әйелдің жарты құны туралы бап әлеуметтік-саяси мүддесі тұрғысынан азғантай билеуші қабылдаған ортодоксал исламның канондарының ықпалымен болған құбылыс екені ашылып көрсетілді. Жазбаша заңдар туралы қалыптасқан пікір бұл құбылыстың қоғамның өркениеттенгенін білдіретіндігі. Бұл пікірдің әрқашан дұрыс бола бермейтіндігі жазбаша бекітілген заңдардан ауызша заңдардың артықшылығын қазақтың күнделікті қарапайым құқықтың жүйесі – әдетті мысалға келтіре отырып, олардың беріктігі мен бұзылмайтындығында екенін білдірген О.А.Сегізбаевтың[9] көзқарасына сүйене отырып дәйектелді.

Сондықтан да, дәстүрлі қазақ қоғамында жоғарыда аталған жағдайларға байланысты әйел статусы сәл төмендегенімен гендерлік теңдікке негізделген үрдістерге айтарлықтай нұқсан келмегені, өз мемлекеттігін құрған қазақ халқының төл сенімдері тәңірілік пен сопылық синтезі шеңберінде өзіндік құндылықтарын сақтап қалғаны айқындалды. Бұларға жеті аталық үрдіс, негізінен моногамиялық неке, адамгершілікке негізделген әмеңгерлік, ата-баба аруағына табынушылық, арғы тек ретінде атасы мен анасын бірдей мойындау, анасының шыққан тегіне айырықша мән беру, ру аттарының әкесінің де, шешесінің де есімдерімен аталуы, қиын-қыстау сәттерде арғы тектерінің рухтарынан демеу сұрап, сонау ғасырлар қойнауындағы дей-түркілер сияқты ұран шақыру, бүтіндей рулардың ұрандарының аналарының есімінің болуы, қыз балаға ерекше құрмет, сөз өнерін жоғары бағалау, исламның қудалағанына қарамастан бақсылық өнердің сақталып қалғаны жатады.

Осы бөлімде ұлттық жәдігер – жеті аталық үрдістің қалыптасу тарихы, әмеңгерліктің қазақ дәстүріндегі ерекшеліктері талданып, халықтың рухани өмірін қатаң түрде тек қоғамдық өндірістен шығаруға болмайтыны, оның өзінің даму заңдылықтары бар екені пайымдалды.

Исламның бұхара қазақ дүниетанымында ортодоксиялық түрінде емес, табиғаты туралы ұзақ айтыстан кейін исламның бір бұтағы деп танылған сопылық түрінде орын алғаны, оның қазақ дәстүрлі философиясының қалыптасуындағы ролі мен дәстүрлі қазақ қоғамындағы гендерлік түсініктерге ықпалы, бұл діни философиялық бағыттың гендерлік қырларын талдау осы тараудың **«Сопылық философияның гендерлік сипаты»** деп аталатын екінші бөлімінде көрініс тапқан.

Дж.С.Тримингэмнің «суфилер» деп дәрекі жүн киім киетін мұсылман-аскеттерін атаған деген, В.В.Бартольдтың М.Қашқариға сілтеме жасап, арабтар көшпелілерді «киіз адамдары», ал отырықшыларды «балшық адамдары» деп атаған деген анықтамаларына сүйене отырып, суфизмнің өзі көшпелілерден шыққан деген пікір ұсынылды. И.Шахтың «Суфизм»[10] кітабына кіріспе сөзінде Р.Грейвстің суфизмнің барлық діндерге қатыстылығының бірдей екендігі, оның негізінде еркін ойлаушылық, әлеуметтік үйлесімділік пен теңдік жатқаны туралы айтқан пікірлеріне, ортодоксал ислам мен суфизмнің пайғамбарлыққа қатынасы мен ресми исламдағы пайғамбарлықтың тек ер адамдардың үлесі екенін атап көрсетілген тұстарына, суфизмнің негізі болып табылатын тылсымға ую мен Аллаға шексіз махаббат идеяларының бастауында әйелдің, Рабиға Адавияның тұрғаны туралы деректерге негіздей отырып, суфизм ортодоксал исламнан мүлдем дерлік түсіп қалған әйелдік бастаманың көшпелі халық дүниетанымында қалпына келтірілуі деп тұжырымдалды. Сопылықтың бастауында бақсылықтағыдай әйелдің тұруы, Құдай бейнесінің әйелмен теңестірілуі, еркін ойлаушылық, жыныстар теңдігі, ортодоксал исламдағы қасандыққа қарсы махаббат поэзиясы, табиғат аясында үнемі болғандықтан ақын жанды, еркіндікке, теңдікке құштар қазақ жүрегінен бұл көзқарастың кең орын алуына әсер етті.

Суфизм біртұтас дүниетанымдық концепция емес, ол жеке адамның мистикалық жолмен Ақиқатты тануының практикалық концепциясы болып табылады. Ортодоксал исламның дін басылары Ақиқатты Құран мен суннаның әріптеріне сүйене отырып, Құдай заңдары арқылы түсіндіруге ұмтылса, суфилер Құдайдың өзінің мәнін тікелей тануға ұмтылады. Бұл санадан тыс болатын әркімнің жеке ісі. Ол әркімге берілмейді. Ол үшін осындай күйге түсудің дайындығы, яғни тәжірибелік жол «тарика» қажет. Оған ұстаздан алған белгілі бір білім жиынтығы, тақуалық жолмен рухани тазару, әртүрлі психофизикалық жаттығуларды меңгеру т. с. с. жатады. Бұндай күйге түсіп, жеке «Меннің» Абсолютпен бірігуінің немесе Хақты танудың ер мен әйел үшін мүмкіндігі бірдей. Дәлірек айтсақ, ер адам үшін бұл жол әйелге қарағанда қиынырақ екені. Себебі, әйел Аллаға тікелей ғашық бола алады, ал ер адам көбіне Құдайды әйел бейнесімен теңестіріп барып, ғашықтық күйіне түседі. Осы арада қазақтың пері қыздар туралы аңыздардың Баба Түкті шашты әзізге, Асан қайғыға қатысты бірнеше нұсқаларына С.Қондыбайдың жасаған талдаулары келтіріліп, бұл жерде әйел (пері қызы) Құдайдың кейіптенген символы, үш шарт сопылық инициациясының үш сатысы, шарттарды

бұзып қойып Нұрды көре алмау, адамға Құдайды көру мүмкіндігі берілмегенін, немесе бұл жолдың өте қиындығын сопылық тәжірибенің мойындауы деген қорытынды жасалды.

Осы бөлімде Ә.Нысанбаевтың[11], Ғ.Есімнің[12] зерттеулеріне, Қожа Ахмет Иассауидың «Диуани хикметіне»[13] сүйене отырып қазақтың жеке ұлт, мемлекет болып қалыптасуында маңызды роль атқарған түркі сопылығының ерекшеліктері талданды. Бұл ағымның «халық діндарлығына» айналуы оның жергілікті халықтың салт-санасы мен сенім-нанымына, әдет-ғұрпына қайшы келмей, түркілердің ескі ұстанымдарымен, соның ішінде қазақ бақсылығымен бірігіп, тұтасып кетуі болып табылады. Сопылықтағы махаббат поэзиясының өзі әлемдік мифологияға «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» махаббат жырымен енген халықтың төл дәстүрінің қайта жаңғыруы. Р.Грейвс сопылықтағы махаббат тақырыбының христиан дініндегі «дева Мария» культінің пайда болуына ықпал еткенін айтады.

Сопылықтың қазақ дәстүрлі философиясының қалыптасуындағы ролі, философияның кең тараған анықтамасының өзі шындықты ұғымдар арқылы бейнелеу болғандықтан, қазақ философиялық ой-толғауларын араби ұғымдар жүйесімен байытуы болып саналады. Бұл мәселеде Ә.Нысанбаевтың, Ғ.Есімнің егжей-тегжейлі зерттеу жұмыстарына сілтемелер жасалынып, бұл дүниетанымдық категориялардың негізгілері тәуба, махаббат, ақиқат, ғашық, сабыр, тәуекел, ризық, пақыр, бақи, ғарип, шүкір екендігі анықталып, бұлардың қатарына хақ, кемел (кәміл адам) категориялары да кіретіні пайымдалды.

Философияның жоғарыда аталған анықтамасына қатысты ұстанымымыз, қазақ дәстүрлі философиясының ұғымдар жүйесі мәселесі **«Дәстүрлі философия аясындағы гендер мәселесі»** деп аталатын үшінші тарауда жалғасын тапты.

Осы тараудың **«Ақын – жыраулардың философиялық ой-толғауларындағы гендерлік айшықтар»** деп аталатын бөлімінде қазақ дәстүрлі философиясы ретінде ақын-жыраулар шығармашылығының ерекшеліктері О.Сегізбаев, Т.Рысқалиев, Қ.Нұрланова, С.Нұрмұратов, М.Ж.Көпеев, Т.Бүрбаевтың зерттеулеріне сүйене отырып талданды. Философияның кең тараған анықтамасы оның ғылым екендігі, бірақ философияның барлық жағдайда бірдей ғылым ретінде көрінбегені, қазақ философиясына да ғылым тұрғысынан қарауға болмайтыны, оның негізінен өмір тәжірибесі, халықтың дәстүр, даналық пен түсінік түрінде өрбігені пайымдалды. Қ.Нұрланова ауызша мәдениетті жазбаша мәдениетпен салыстыра келіп, ауызша мәдениеттің ішкі сыры философиялық тұрғыдан қарастырғанда, оның тыңдаушымен біртұтас, өзара мызғымас, айнымас, үзілместік қатынаста болатыны, оның тыңдаушы мәдениетіне тікелей тәуелділігі екендігіне айырықша назар аударып, ауызша мәдениеттің ерекшелігі ретінде рухани сергу (катарсис) құбылысының маңызы туралы атап көрсетеді [14]. Тыңдаушы қауымның жыныстық жағынан біртұтас екендігі белгілі.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің зерттеулеріне сілтеме жасау арқылы қазақтың дәстүрлі дүниетанымының дүниеге көзқарастың бағдарын қалыптастыратын өте ықпалды интеллектуалдық күш болып табылатын ақындық өнердің шоқтығы ақындар айтысының дамуындағы қазақтың қыздарының үлесі атап көрсетілді. Көптеген ғылыми әдебиеттерде, әсіресе Батыс зерттеушілері тарапынан жиі айтылатын қазақ қоғамы рулық қоғам болғандықтан онда даралық белгілер басылып тасталған деген пікірлерге қарсы, қол бастаған, ел бастаған, осылардың бәрінен қиыны болып саналатын шаршы топтың алдында сөз бастау жауапкершілігін өзіне ала алған қазақтың ақын-жырауларына сана мен ерік дербестігі тән екені, оларда белсенді, тұлғалық дискурстың өте жоғары екендігі ашылып көрсетілді. Осы қасиеттердің қазақтың ақын қыздарына да тән екені, қазақ қызының өз басының құндылығын, еркендігін сезіну басым екендігі айтыстардан үзінділер келтіру арқылы айқындалды. Қазақ қызының қоғамдық өмірдегі белсенділігін көрсететін тағы бір өнер түрі жоқтау өлеңдер екеніне де назар аударылды.

Т.Рысқалиев философиялық көзқарас негізінен категориялар жүйесі арқылы паш етілетінін, қазақ философиясының өзіндік категориялар жүйесінің бар екенін, олар ақын-жыраулар шығармашылығында жиі кездесетін ел, жер, адам, «Мен», дүние, жалған, тағдыр, заман, уақыт, өмір, өлім, жақсылық, жамандық, жан, көңіл, ниет, қанағат, ар, ұят, намыс, жігер, шек сияқты ұғымдар екенін атап шығады[15]. Бұл пікірмен келісе отырып, осы аталған жүйеге кісі, текті, ару, арыс деген категорияларды да қосу керектігін ұсына отырып, осы категориялардың мағынасын анықтауға тырыстық. Сөз өнерінің өзі тұлғалық еркіндік пен белсенділік көрінісі болып табылады, ақын «Мен» деп тұлғалық даралығын паш етеді. Ж.Молдабековтың, Т.Бүрбаевтың пікірлеріне сүйене отырып, «текті» ұғымына талдау жасалды. Тұқым мен қан тектілігі туралы қазақ түсінігі сонау ерте замандағы Ілкі анаға табынудан бастау алатындығының көрінісі бұл қасиетке атасы мен анасының бірдей жауапты екендігі, көбіне әкесінен де көрі анасының тегіне қатты мән берілуінен байқалатынына Асан қайғы, Бұхар жырау, Шөже ақын шығармаларынан үзінді келтіру арқылы айқындалды. Өз басының тектілігі адамның белсенділігін, еркін білдіретін ұғым. Халқының тектілігі жеке адамның, кісі болып қалыптасуында маңызды роль атқарады, жеке адам халықтың рухани құндылықтарын игеріп, жақсы қасиеттерді бойына қондыра алып, жақсы мен жаманды айыра білсе, «жақсының қадірін біле алса» ғана тектілікке жетеді. Кісі сөзінің мағынасы личность ұғымымен тең екені және ол ер адамға да, әйел адамға да бірдей қолданылатыны көрсетілді.

Қазақ дәстүрлі философиясында дүниені әйел-еркек бинарлық жұпқа жіктеу адам болмысына қатысты аксиологиялық бағалаулар тарапынан берілгені жақсы әйел, жақсы ер, жаман әйел, жаман еркек деген мәселелер көтерілгенінен көрінеді. Сонымен қатар, ақын-жыраулар шығармашылығының өзекті мәселесі болып табылатын жақсы әйел – жар мәселесі сарапталды. Әйелдің сыртқы көркінен көрі ақылының,

мінезділігінің жоғары қойылатыны ақын-жыраулар шығармаларына, батырлар жырына, тарихи поэмаларға сілтемелер жасала отырып пайымдалды. Қазақ дәстүрлі қоғамында “өзі әйел, өзі ер” жақсы әйел стереотипі қалыптасқанымен, жыныстардың әлеуметтік қатынастары ешқашан бәсеке, тартыстық сипат алмағаны айқындалды.

Осы тараудың **«Қазақ ағартушыларының гендер мәселесін пайымдауы»** деп аталатын бөлімінде қазақ халқының ұлттық сезімі, құндылықтар дүниесі үшін ауыр тиген, рухани мәдениеті үшін бетбұрыс, сыни кезең болып саналатын ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ағартушылығының бастауында тұрған Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтың шығармашылығындағы гендер мәселесі сарапталды. Бұл ойшылдардың бәрінің шығармашылығында билігі басынан кетіп, өзге жұртқа бодан болған халықтың өміріндегі рухани азғындау шынайы суреттеледі. Ш. Уәлиханов «Сахарадағы мұсылмандық туралы» деген мақаласында орыс патшасының саясаты бойынша қазақ жеріне татар молдалары арқылы таратылып отырған мұсылмандықтың қазақ рухани мәдениетіне кері әсерін сипаттай отырып, қоғамдық өмірден әйелдердің шеттетіле бастағанын атап өтеді, балаларды некеге жастай отырғызбау, акушерлік көмек көрсету мәселелерін көтереді. Ы. Алтынсарин өзінің «Орынбор қазақтарының құда түсу, қыз ұзату, және той жасау дәстүрінің очеркі» деген еңбегінде көп әйел алушылықтың себебі, әйелін өзі сүйіп алмай, ата-анасының атастыруынан деп түсіндіреді. Ы. Алтынсаринның жоғарыда аталған еңбегіне және «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және ас беру дәстүрінің очеркі» деген еңбектерінде [16] қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары туралы берілген құнды деректерге сүйене отырып, ылғи әйелдің еркіндігін шектеу, әйелді қорлау деп айдар тағылып жүрген бесікте атастыру, әмеңгерлік сияқты дәстүрлердің ер адамға да дәл осы тұрғыдан қатысты екені, ал әйелді қайын жұртында біршама шеттету жыныстық жағынан төмендету емес, рулық қатынасқа негізделген дәстүрлі қоғамда «атасы басқа» деген түсінікке негізделген деген тұжырым жасалды. Өйткені, ондай қатынас қайын жұртында күйеуге де көрсетілетіні осыны білдіреді.

Осы бір қазақтың рухани дүниесі үшін ауыр тиген, халықтың өз тағдырын айқындауға қолы жетпей, әрі-сәрі абдырап қалған кезінде Абай қазақтың рухани құндылықтарының бірегейі махаббатты жырлайды [17]. Махаббат адамдық өлшемнің белгісі, махаббат туралы ой міндетті түрде өмірдің мәніне, болмысына бастап апарады. «Махаббат поэзиясы» қазақ даласында сонау «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» махаббат жырынан бастау алып, орта ғасырларда сопылық шеңберінде қайта жаңғырып, жыраулықта лиро-эпостық жырлардан жалғасын тауып, үзілмей келе жатқан дәстүр. Қазақ еркіндігінен айырылып, бодандық қамытын киген, рухани дүниесі үшін ауыр тиген сындарлы кезеңде бұл тақырыптың ерекше екпін алатыны, ХІІІ ғасырда қазақ даласында қалықтаған сопылық махаббат поэзиясының ХІХ ғасырда Абай поэзиясында қайта жаңғыруынан көрінеді.

Қазақстанның Ресейге қосылуының толық аяқталуымен байланысты, патша үкіметінің отарлау саясатының нәтижесінде, әлеуметтік-рухани өмірдегі барлық қайшылықтардың шиеленісуі, жыныстық теңдіктегі қайшылықты да тереңдетіп жіберді. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының шығармашылығында әйел теңсіздігінің өзекті мәселеге айналу себебі осы екені айқындалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы гендер мәселесі тұтастай әлі зерттелмеген тақырып. Бұл жұмыста дәстүрлі дүниетанымның мифтік, діни және философиялық тарихи типтерінің гендерлік қырларының эволюциясы өте ерте заманнан шамамен б.з.д. 6-4 мың жылдықтардан бастап, XIX ғасырдың аяғына дейін қамтылып, осы сатылар арасындағы сабақтастыққа баса назар аударыла отырып зерттелді. Зерттеу нәтижелерін сараптай келіп төмендегідей қорытындылар жасалды.

Бірінші жасалған қорытынды, түркілердің көне халықтар қатарына жататыны; ежелгі халықтармен қарым-қатынас негізінде, мәдениетіне басқа халықтардың әсерін қабылдай отырып, өз кезегінде бұл халықтардың мәдениеті мен дүниетанымына ықпал етіп отырғаны.

Екінші қорытындыда түркілердің төл сенімі, ең ежелгі діндер қатарына кіретін тәңірліктің өзегі Ілкі Анаға табыну екені, дамыған көшпелілік сатысына дейін дүниенің өте белсенді, қозғалмалы шығармашылық бастауының әйел болғаны дәйектелді.

Үшінші қорытындыда Тәңірдің біртіндеп өзіне әйелдік те, еркектік те бастауды біріктірген қос жыныстық тіршілік иесіне айналғаны, сонан соң түркілердің патриархаттыққа өтуіне байланысты көк түріктер заманында ер жынысты әке-құдайға айналғаны. Дүниенің әйелдік бастамасы Ұмай мен Жер-Су түрінде көрініп, қос жыныс арасында өзара толықтырушылық қатынас орнағаны.

Төртіншіден, қазақтың төл құндылықтарының басым бөлігінің, бір кездегі Ұлы Құдай Ана культінің халықтың көмескі санасында қалған көріністері екені ашылып көрсетілді. Қазақтардың өзінің тілінде, ділінде, дінінде матриархат қоғамының құндылықтарын ұзақ сақтауға ұмтылуы, аталған қоғам қатынастарының еркіндік пен әлеуметтік үйлесімділік, теңдікке негізделгенінен деген қорытынды жасалды.

Бесіншіден, қазақ дәстүрлі философиясындағы ер мен әйелдің әлеуметтік статусы туралы түсініктердің антропологиялық мағынамен толығып, аксиологиялық бағалаулармен көмкерілгені, оның қоғамдағы екі жыныс стереотипінің қалыптасуына ықпалы қорытындылады.

Алтыншы қорытындыда, Қазақстан қоғамының нарықтық экономикаға өтуіне байланысты, гендерлік қатынас алғаш рет бәсеке, тартыстық сипат ала бастағаны айқындалды. Сонымен қатар, диссертация тақырыбын кейін зерттеулердің бағытын анықтау туралы пікір ұсынылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Нысанбаев А.Н. Гендер и народонаселение. //Проблема гендера в контексте трансформации казахстанского общества: Материалы международного круглого стола. – Алматы: КазГосЖЕНПИ, 2001. -240 с. (19-22).
- 2 Қондыбай С.Арғықазақ мифологиясы.Үшінші кітап.Алматы:Дайк-Пресс,2004.-488б.
- 3 Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян. Араб қарпінен көшіргендер – К.Елемес, Д.Мәсімхан. – Алматы: «Жалын», 1996. – 464 б.
- 4 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – 2бас. – Алматы: «Жазушы», 1985.-475б.
- 5 Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005.-240с.
- 6 Құран кәрім. –Алматы: Жазушы, 1991. – Қазақшасы - 578 б., арабша-сы – 585 б.
- 7 Хара-Даван Э. Чингизхан как полководец и его наследие: Культурно-исторический очерк. Монгольской империи XII-XIV веков – Алма-Ата: Крамдс – Ахмет Яссауи, 1992.-272б.
- 8 Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. –Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 604 с.
- 9 Сегізбаев О.А. Казахская философия XV-начала XX века.-Алматы: Ғылым, 1996.-472б.
- 10 Идрис Шах. Суфизм. –Москва: Клышников, Комаров и К°, 1994.-446с.
- 11 Қазақ даласының ойшылдары, IX-XII ғ.ғ. Қорқыт, Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М.Қашқари, Қ.А.Иассауи /Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы. Философия инст. Жауапты ред.: Нысанбаев Ә. – Алматы: Ғылым, 1995.-160 б.
- 12 Есімов Ғ. Сана болмысы. – Алматы: Ғылым, 1996. -2 кітап.-278б.
- 13 Иассауи Қожа Ахмет. Хикметтер (Даналық кітабы)/ жобаның авторы Мырзагелді Кемел.-Астана: Аударма, 2002.-112 б.
- 14 Нұрланова Қ. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің философиясы /Қазақ даласының ойшылдары XVI-XVII ғ.ғ. (3-кітап). Жауапты ред.: Ә.Нысанбаев. –Алматы: Философия және саясаттану институтының компьютерлік-баспа орталығы, 2003.-310б.
- 15 Рысқалиев Т. Даналық пен түсініктің үлгілері. Философия тарихына шолу. / Жауапты ред.: Ж.М.Әбділдин – Алматы: Ақыл кітабы, 1999.-239б.
- 16 Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы /құраст., алғы сөзін жазған Қоңыратбай Т. Жауапты ред.: Шайхыұлы Е. –Алматы: Қазығұрт, 2003. – 240 б.
- 17 Абай. Шығармалар. –Алматы: Мөр, 1994. – 415 б.

ДИССЕРТАЦИЯ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ЖАРИЯЛАНҒАН ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕР

- 1 Исламның дәстүрлі қазақ қоғамындағы гендерлік қатынастардың дамуына ықпалы.//Адам әлемі. №3 (25), 2005. - 11-17 бб.
- 2 Ақын жыраулар философиясындағы гендерлік аспект //Философский альманах."Қазіргі заман: пікірлер әлемі".-2006.-№1(25).-27-32 бб.
- 3 Қазақ ағартушылары шығармашылығындағы гендер мәселесі /ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы.- 2006.-№1(25).-45-48 бб.
- 4 Қазақ халқының генотиптік дүниетанымына гендерлік талдау // Қазақстан теміржолының 100 жылдығына және М.Тынышпаевтың туғанына 125 жыл толуына арналған «Қазақстан теміржол көлігі: тарихы және экономикалық даму перспективалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. 3 том. Алматы, 27-28 сәуір 2004.–77-80 бб.
- 5 Көне түркі мәтіндеріндегі гендерлік сарын //Актуальные проблемы социально – экономической, политика – правовой и духовно – культурной модернизации казахстанского общества. Материалы междунациональной научно – теретической конференции, посвященной 10-летнему юбилею Конституции Республики Казахстан. Алматы, 2005. - 137-139 бб.
- 6 Арғы қазақ мифологиясындағы Ұлы Ана бейнесі – ұлттық рухани орталық //Философия тарихы: классика және қазіргі уақыт. Екінші Қасымжанов оқулары. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы: Қазақ Университеті, 2005.- 107-111 бб.
- 7 Тәңірілік түсініктерінің гендерлік астары //«Жаһандану және тілдік процестер»атты халықаралық ғылыми – практикалық конференция материалдары.-Алматы: Парасат, 2006. - 24-27бб.

РЕЗЮМЕ

Адаева Гульнар Аманбековна

Проблема гендера в традиционном мировоззрении казахского народа: историко-философский анализ

диссертация на соискание ученой степени кандидата философских наук по специальности 09.00.03 - история философии

Объектом данного исследования является гендерный аспект традиционного миропонимания казахского народа.

Основная **цель** диссертации-анализ влияния представлений о социально-ролевых функциях мужчины и женщины традиционного казахского мировоззрения на современные гендерные стереотипы.

Новизна и теоретическая значимость исследования:

В ходе анализа проблемы гендера в традиционном мировоззрении казахского народа были выявлены и получены новые научные результаты и выводы:

- на основе логических, лингвистических, сравнительных анализов гендерных представлений и понятий древних тюрков показано их влияния на мировоззрения древних оседлых народов;
- выявлен уровень соотношения представлений об отношениях двух противоположных начал мира в древнетюркской мифологии и религий применительно к общепринятой классификации, сформировавшейся в истории философии;
- определено влияние различных религий и верований в мировоззрении тюркских народов на гендерные отношения традиционного общества;
- показана эволюция гендерных понятий и представлений в традиционном мировоззрении казахского народа;
- показан процесс трансформации и наполнения антропологическим содержанием гендерных понятий и представлений в традиционной казахской философии;
- показана историческая преемственность в развитии гендерных процессов и понятий древнетюркского общества с традиционным казахским социумом, а также проведен сравнительный анализ исторических феноменов с современными гендерными представлениями;

На защиту выносятся следующие положения:

- Многие представления имевшие место в мировоззрении древних оседлых народов, такие как негативное отношение к змее, происхождение имен Варуны, Уран, слова “ура”, образ женщины “баксы”, тотем волчицы сформировались под влиянием культа Прародительницы древних тюрков.
- Самые древние представления сформировавшиеся в мировоззрениях тюрков о взаимоотношениях двух противоположных начал мира не соответствуют общепринятой классификации как взаимодополняющей

или взаимоотношениями или иерархически подчиняющейся. Тенгри представляет собой бесполой, пассивный абсолют, а единственно активным подвижным, творческим началом является женское.

- В связи с переходом тюрков к патриархальным отношениям, расширяется семантическое пространство понятия Тенгри. Тенгри теперь и универсум, и абсолют, и порождающее мужское начало. Последнее создает предпосылки для оформления двух взаимодополняющих и взаимообуславливающих миров «мужского» и «женского».
- Несмотря на гендерную асимметрию в религиях, имевших место в мировоззрении казахов, они сумели сохранить гармонию в гендерных отношениях в рамках синтеза тенгризма и тюркского суфизма.
- Осмыслена содержательно-смысловая структура и показана ценностная основа гендерных представлений, имевших место в традиционной казахской философии. Известно, что мировоззрение казахского народа ориентировано на этические начала. Различные мировоззренческие оценки социальных половых отношений опираются на это метафизическое основание.
- В традиционном мировоззрении казахского народа доминировали гуманистические основания направленные на гармонию и взаимной заботе полов. В настоящее время в связи с переходом общества к рыночной экономике и формированием женского и мужского рынков труда, гендерные отношения начали принимать несколько конфликтный характер. Поэтому в эпоху глобализации приобретает значимость философское видение социальных отношений полов, сложившихся в традиционном казахском мировоззрении.

Методологическую основу диссертационного исследования составляют философский и исторический подходы в анализе гендерных представлений и понятий традиционного мировоззрения. Кроме того, использованы логический, лингвистический, сравнительный анализы, феминистская методология. Теоретической базой исследования послужили научные труды казахстанских философов, культурологов, литераторов таких как А.Маргулан, А.Нысанбаев, О.Сегизбаев, М.Орынбеков, Т.Габитов, Г.Есим, Г.Соловьева, А.Хамидов, С.Шакирова, К. Нурланова, Т. Бурбаев, С. Кондыбай, С. Нурмуратов и др.

Теоретическая и практическая значимость исследования:

Результаты исследования можно использовать в анализе и систематизации традиционного мировоззрения и культуры казахского народа; в анализе гендерной проблематики и разработке гендерной политики Республики Казахстан; в подготовке и внедрении новых учебных программ и спецкурсов по гендерной проблематике в высших учебных заведениях страны.